



# ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Этикалық бағалау, этикалық  
терминдер және этикалық себептер





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық бағалау, этикалық терминдер және этикалық себептер  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Саламатсыздар ма, құрметті көрермендер! Біз профессоралар Барбара МакКиннон мен Эндрю Фиаланың «Этика. Теория мен қазіргі мәселелер» атты еңбегімен танысу дәрістерін жалғастырамыз. Бүгінгі дәріс барысында біз жалпы этика пәнімен таныстығымызды нығайта түсіп, жалпы, «Этикалық бағалау дегеніміз не?», «Этикалық терминдер басқа терминдерден қалайша өзгешеленеді?», «Этикалық себептердің ерекшелігі» деген сияқты сұрақтардың түйіндерін тарқатуға тырысамыз.

## БАҒАЛАУДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ТҮРЛЕРІ

Олай болса, «Этикалық бағалау дегеніміз не?» деген сұраққа кіріселік.

«Бұл керемет!», «Бұл тағамның дәмі тіл үйіреді екен!», «Бұл тамаша көрініс болды!» деген ойтұжырымдарды қарап көрейік. Бұл тұжырымдардың бәрі бірдене оң баға беруді білдіреді. Олар бізге тағам немесе көрініс туралы мардымды, толыққанды мағлұмат бермейді, бірақ осы ой-пікірді айтушының оларды жақсы деп санайтынын жеткізеді. Бұл бағалаушы тұжырымдар. Этикалық тұжырымдар немесе пайымдаулар да бағалауды білдіреді. Олар бізге айтушының ненің жақсы немесе ненің жаман екендігіне сенетінін жеткізеді. Олар, мысалы, белгілі бір уақытта орын алған немесе адамдарға белгілі бір амалмен әсер еткен әрекет сияқты пайымдау объектісін сипаттап қана қоймайды. Олар біршама тереңдеу яки сол уақиғаға жағымды немесе теріс көзқарасты білдіреді. Әлбетте, шынайы уақиғалардың немесе жағдайлардың моральдық бағалауға ықпалы өте үлкен. Мысалы, өлім жазасының басқаларға үлгі болып, ауыр қылмыстардың санын шектеуші әсері бар ма деген нақты пайымдаулар біздің осы мәселеге қатысты моральдық пайымымызға қатысты болуы мүмкін. Сонымен бірге, біз зорлық-зомбылық, қай кезде болмасын, бейбітшілікке, бір бітімге жеткізгені туралы нақты деректі білгіміз келеді; яғни, бұл бізге соғыс моралі туралы тұжырым жасауға көмектесер еді. Этикалық пайымдар осындай эмпирикалық ақпаратқа жиі сүйенетіндіктен, этика, көбіне, социология, психология және тарих сияқты басқа пәндерге тәуелді болып қалады. Осылайша, біз эмпирикалық және сипаттаушы (немесе ғылым тілінде - дескриптивті) мәлімдемелерді бөліп ажыратамыз, олар нақты сенімдер мен бағалаушы пайымдауларды мәлім етеді, олар осындай фактілердің жақсы немесе жаман, әділетті немесе әділетсіз, дұрыс немесе бұрыс екендігін жеткізеді. Бағалаушы пайымдаулар, сонымен бірге, нормативті пайымдаулар деп аталады. Моральдық пайымдаулар бағалаушы сипатқа ие, себебі олар, мысалы, өлім жазасы сияқты кейбір әрекеттерге немесе практикаға оң немесе теріс «құндылық сипатын береді». Нақтылай мысал келтіретін болсақ: мысалы,

«Өлім жазасы ауыр қылмыстарды шектеуші амал ретінде нәтиже береді (немесе нәтиже бермейді)» десек, бұл - **Дескриптивті немесе эмпирикалық пайымдау**.

Ал, егер біз «Өлім жазасы - әділетті (немесе әділетсіз) шара» дейтін болсақ, бұл **Норматив немесе моральдық пайымдау** болып шығады.

Сонымен бірге, біз адамға жақсы немесе зұлым, әділетті немесе әділетсіз деу арқылы баға береміз. Бұл бағалау да ненің жақсы немесе дұрыс екендігі туралы жалпылай түсінікке сүйеніп жасалатындықтан, норматив сипатқа ие болады. Мысалы, нақты бір адамның – батыр немесе жауыз екендігі туралы пайым жақсы немесе зұлым адамдар туралы норматив теорияға негізделеді.

«Мынау – жақсы пышақ» деген сөйлем – бағалаушы немесе норматив мәлімдеме. Әйткенмен, бұл пайым пышақтың моральдық тұрғыда жақсы екендігін білдірмейді. Этикалық пайым жасағанда, біз жақсы, жаман, дұрыс, бұрыс, міндетті немесе орынды деген сияқты терминдерді қолданамыз. Біз нені жасауымыз тиіс немесе тиіс емес екендігіміз туралы айтамыз. Бұл – баға беруші терминдер. Алайда бағалаудың бәрі бірдей моральдық сипатқа ие емес. Біз пышаққа ешбір моральдық жақсы сипаттаманы тән етпей, оны тек жақсы деп қана атаймыз. Пышаққа осындай сипаттама беру арқылы, біз, бәлкім, оның кесу үшін практикалық тиімділігін меңзейтін болармыз. Ал басқа, соның ішінде этикалық бағалаулар құндылықтардың басқа жүйелеріне қатысты. Адамдар заңды легитимді немесе конституциялық емес деп атаса, бұл – заң аясындағы пайым. Екі түрлі киім бұйымдарын кисек, олар үйлесіп, жараспайды дейтін болсақ, бұл – эстетикалық пайым. Діни көшбасшылар өз жамағатының мүшелеріне не істеу қажеттігі туралы айтатын болса, бұл – діни мәселе. Қоғам адамдарды жасы үлкендерге қалай құрмет көрсету немесе ыдысты белгілі бір амалмен қалай қолдану қажеттігін үйрететін болса, бұл – әдет-ғұрып мәселесі. Мұндай түрлі нормативті немесе бағалаушы пайымдар практикалық, құқықтық, эстетикалық, діни немесе әдеттегі нормаларға негізделеді.

Норматив пайымдаулар моральдық пайымдардан несімен өзгешеленеді? Кейбір философтардың пікірінше, моральдық тұрғыдағы «тиіс немесе міндетті» дегенді білдіретін пайымдардың ерекшелігі - олар, атап айтқанда, эстетикалық, яғни сыртқы сұлулық, әсемдік, үйлесімдік сияқты, басқа «тиіс немесе



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық бағалау, этикалық терминдер және этикалық себептер  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

міндетті» дейтін пайымдардан маңыздырақ. Басқаша айтқанда, егер біз эстетикалық тұрғыда ұнамды нәрсе мен моральдық тұрғыда дұрыс нәрсенің арасында тандау жасауымыз қажет болса, біз моральдық тұрғыда дұрыс нәрсені орындауға тиіспіз. Осылайша, мораль заң мен дәстүрден де маңызды болуы мүмкін. Этика саласындағы Азаматтық бағынбау доктринасы осы сенімге арқа сүйейді, себебі ол белгілі бір заңдарға моральдық себептерге байланысты бағынбауымызға болады деп тұжырымдайды. Моральдық бағалаулар басқа нормативті бағалаудан өзгеше болғанымен, бұл олардың арасында ешқандай байланыс жоқ деген сөз емес. Шын мәнінде, белгілі бір заңдардың негізін жиі моральдық себептер құрайды. Алайда заң дегеніміз – ең болмағанда Құрма Штаттарда – түрлі саяси мәмілелердің нәтижесі. Заңға келгенде біз моральды басшылыққа алуға асықпаймыз. Әрі, былайша айтқанда, «моральді заң жүзінде бекіте» аламыз деп ойлағымыз келмейді. Әлбетте, біржынысты неке немесе түсік жасату сияқты мәселелер аясында заң моральдық идеялардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс пе деген тақырыпқа қатысты ашық пікірталастар қазіргі қоғамдардың көбісінде аса қызу жалғасуда.

Бұл тұрғыда, мысалы, негізгі әділ сотқа қатысты ой-пікірлер сияқты құқықтық механизмдерді бекітетін моральдық себептер болуы мүмкін. Оған қоса, кейбір эстетикалық пайымдарға негіз болатын формалар мен түстердің сәйкестілігі немесе үйлесімділігі белгілі бір әрекеттер және белгілі бір жағдайлар немесе адамдар арасындағы дұрыстылық немесе моральдық сәйкестілікке ұқсас болуы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір этикалық жүйелерде іс-әрекеттерге олардың құнды мақсаттарға қолжеткізу жолындағы практикалық пайдалылығы бойынша моральдық жағынан баға беріледі. Алайда, бұл жерде біз этика – нормативті пайымдау жасалатын жалғыз сала емес екендігін де естен шығармайық.

## Социобиология және натуралистік адасу

Сипаттаушы және нормативті ой-пайымдардың арасындағы айырмашылық - этика туралы толғаныстар үшін ең басты мәселелердің бірі. Әдеттегі ойлау жүйемізде біз бұл мәселелерді жиі шатастырамыз, бір жағынан, бұл біздің әдетте жасайтын нәрсемізді – жасауға тиіс нәрсе деп санайтынымызға байланысты. Адамдардың көбісі біз үшін бірдеңе әдеттегі нәрсе болса, біз мұны жасауға тиіспіз деп айтуға бейім болып, шатасады. Мысалы, егер ет жеу біз үшін әдеттегі нәрсе болса, демек біз ет жеуге тиіспіз. Бірақ вегетариандықтар мұнымен келісе қоймайды. Расында да, этикалық нәрсе мен табиғи немесе әдеттегі нәрсе арасында ешқандай міндетті бір байланыс жоқ. Осылайша, табиғи нәрсенің бәрі әрдайым жақсы деген сөз шындыққа ұласпайды. Бірақ адамдар жиі қателесіп, табиғи шындық пен құндылық тұрғысындағы пайымдауларын шатастырып жатады. Көбіне біз нақты нәрселерден құндылықтарға, яғни «бар немесе былай»-дан «болуы тиіс немесе міндетті» дегенге қалай өтетінімізге мән бермейміз. Он сегізінші ғасырдың философы Дэвид Юмның алға тартқан мысалын қарастырып көрелік.



*Дэвид Юм – шотландиялық философ, эмпиризмнің, психологиялық атомизм, номинализм мен скептицизм өкілі (1711-1776 жж.)*

Оның айтуынша, инцест, яғни жақын туыс болып табылатын адамдардың немесе жануарлардың жыныстық қатынасқа түсуі әбден табиғи нәрсе болып көрінеді – жан-жануарлар әлемінде бұл жиі орын алатын жағдай ғой. Бірақ адамдар инцестті айыптайды, оған жол бермейді. Ал енді, егер бұл табиғи құбылыс болса, біз оны не себепті айып санаймыз? Юм «бар»-дан «тиіс немесе міндетті»-ні шығару мәселесін атап көрсетті, Юмнан кейінгі философтар Юмның «бар»-дан «тиіс»-ті қарапайым өрбітіп шығаруға қарсы ережесін Юмның заңы деп атады. Осы тұрғыдан алғанда, мысалы, өзімізді қалай ұстауымыз қажет екендігі туралы түсінігімізді өзімізді шын мәнінде қалай ұстайтындығымыз туралы көзқарасқа негіздеу қисынға келмейді. Осы логикалық қателікті жиырмасыншы ғасырдың басындағы беделді философ Джордж Эдвард Мур натуралистік қателік деп атады. Мурдың айтуынша, жақсылық сияқты моральдық терминдер дегеніміз – қандай да бір басқа табиғи нәрсеге қисындастыруға немесе сәйкестендіруге болмайтын эмпирикалық емес қасиеттердің атаулары. Мурдың сөзіне сенсек, жақсылықты ләззаттану сияқты кәдуілгі немесе табиғи нәрсе ретінде анықтауға талпыну осындай қателікке ұрынуды білдіреді. Мұндағы мәселе – біз ләззат әкелетін нәрселер расымен де жақсы ма деген сұрақты көтеруімізде. Біздің ләззат алуды қалайтынымыз ләззаттануды қалаудың жақсы екендігін білдірмейді. Мурдың пайымынша, табиғи нәрсенің бәрі бірдей



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық бағалау, этикалық терминдер және этикалық себептер  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева


жақсы ма деген сауал әрдайым өзекті болып қала береді, яғни адамдар бұл сұрақтың жауабын іздеуді жалғастыра бермек.



*Джордж Эдвард Мур – ағылшын философы, философиядағы аналитикалық дәстүрдің негізін қалаушы (1873-1958 жж.)*

Қазіргі таңда этикадағы табиғатқа жақындауға шақыратын үндеулер қателік деген пікірмен әрбір адам келісе бермейді. Этика туралы ой тарқатуға келгенде түрлі натуралистік ұстанымдар бар. Этикадағы дәстүрлі ұстанымдардың бірі табиғи құқық этикасы деп аталады (біз ол туралы 7-ші тарауда егжей-тегжейлі ой қозғайтын боламыз). Табиғи құқық этикасы адам табиғатына баса назар аударып, адам үшін табиғи нәрселерді сипаттаудан этикалық өсиеттерді тұжырымдап шығады. Табиғи құқық этикасының мамандары, мысалы, адам денесінің мүшелері табиғи функцияларға ие, әрі осы табиғи функцияларды түсіну арқылы біз сексуалдылық немесе репродукция туралы кейбір моральдық идеяларды жақсырақ ұғына аламыз деген пікірді алға тартуы мүмкін. Олардың қарсыластары мұны натуралистік жаңсақтық деп келіспеуі мүмкін, себебі біздің дене мүшелеріміздің құрылымы мен функцияларында айқын моральдық мағына жоқ.

Этикадағы натурализмнің кейінгі нұсқалары эволюциялық биология мен когнитивті ғылымға баса назар аударады. Бұл көзқарас тұрғысынан, моральды түсіну үшін біз өз түріміздің негізгі функцияларын, соның ішінде моральдық мінез-құлықтың эволюциялық себептерін ұғынуымыз тиіс. Сонымен бірге біз ләзаттану қалай іске асатынын, кейбір адамдар не себепті есалаң екендігін және біз не себепті эгоистік және альтруистік мотивацияның теңгерілімі үшін күресетінімізді түсіну үшін өз миымыздың қызметін егжей-тегжейлі анықтауымыз қажет. Осы натурализмнің бір нұсқасы биолог Эдвард Осборн Уилсонның идеясы - социобиология ретінде белгілі. «Егер ми табиғи іріктеу жолымен эволюцияланған болса, жекелей эстетикалық пайымдар мен діни сенімдерді таңдау қабілетінің өзі сол механикалық процестің нәтижесінде қалыптасуы тиіс болар еді», - деп түсіндірді Уилсон.



*Эдвард Осборн Уилсон – америкалық биолог, социобиолог, мирмеколог, эколог, жазушы, Пулитцер сыйлығының екі мәрте иегері. АҚШ Ұлттық ғылымдар академиясының мүшесі, Гарвард университетінің профессоры (1929 жылы туылған)*

Социобиологияның негізгі идеясы мынада: адамдардың мінез-құлқы – табиғи іріктеудің қысымының нәтижесі. Адам моралін түсіну адам мінез-құлқын жәндіктерден бастап, шимпанзеге дейінгі басқа әлеуметтік жануарлардың мінез-құлықтарымен салыстыру арқылы зерттеуге болатын мінез-құлықтың белгілі бір түрлерінің бейімдеушілік артықшылықтарын түсінуді де қамтиды.

Социобиология, мысалы, альтруизмді эволюциялық процесстер тұрғысынан түсінуге талпынады. Бұл көзқарас тұрғысынан, альтруистік қамқорлық табиғи іріктеу арқылы дамиды, себебі альтруистік жануарлар бір-біріне аман қалуға көмектеседі. Биолог Ричард Докинз осыған ұқсас идеяны «эгоистік ген» деген терминмен түсіндіреді.

Докинздің идеясы мынадай: гендеріміз біздің альтруистік және басқа да мінез-құлықтарымызды өз-өзін тарату үшін пайдаланады. Яғни, ортақ генетикалық қасиеттерге ие топтарға біріккен кезде біз бәсекелес генетикалық топтармен жиі арпалыса отырып, осы топты сақтап қалуға және біздің ортақ генетикалық сипаттамаларымызды таратуға жәрдемдесеміз.

Алайда, социобиологияны талқылау және биологиялық дәлелдерді түсіндіру кезінде біз антропоморфизмге ұрынудан абай болуымыз қажет. Табиғат әлеміне көз салсақ, біз жануарлардың



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық бағалау, этикалық терминдер және этикалық себептер  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

және тіпті гендердің өзінен адамның бойында бар мотивациялар мен мүдделерді көре отырып, оны жиі антропоморфты терминдермен түсіндіріп жатамыз. Басқаша айтқанда, біз өзіміздің бағалау пайымдарымыздың бізді шатастырып, фактілерді сипаттауымызды бұрмалап жібермеу үшін өте мұқият болуымыз керек.

Социобиологияның натуралистік ұстанымы даулы және өтімді екендігіне қарамастан, біз әлде де оның натуралистік қателікке ұрындыруы мүмкін екендігін жадымыздан шығармауымыз тиіс. Аман қалу үшін эволюциялық күресте альтруистік мінез-құлық табиғи және тиімді болса да, бұл жақсы, әділетті немесе дұрыс деген сөз емес. Бұған көз жеткізу үшін Юмның инцестке қатысты келтірген мысалына оралайық. Инбридингке қатысты жағымсыз мәселелер барынша аз болып тұрғанда, біздің генетикалық материалды тарату әдісі ретінде инцест тиімді болуы мүмкін. Осылайша, біз өзіміз қалайтын қасиеттерді іріктеп алу үшін жануарларды будандастырып жатамыз. Әйткенмен, адам баласы үшін инцестке моральдық тұрғыда жол беруге бола ма деп сұрау орынды – бұл сауалда «болуы тиіс» ұғымы «бар» деген ұстаныммен шешілмейді.

Ал енді этикалық терминдер туралы бірер ауыз сөз айтсақ.

## Этика терминдері

Сіз бірденені «дұрыс» деп атау мен оны «жақсы» деп атаудың арасында қандай айырмашылық бар деген сұрақты алға тартсаңыз болар еді. Осы терминдердің этикалық мәнін қарастырайық. Дұрыс және бұрыс ұғымдары, әдетте, іс-әрекеттерге қатысты қолданылады, мысалы, «Сен дұрыс жасадың» немесе «Бұл дұрыс іс емес» деген сияқты. Бұл терминдер бізге нені істеу қажет, нені істемеу қажет екенін білдіреді. Бір жағынан, біз бірденені моральдық тұрғыда жақсы дегенде, біз оны жасауға айқын түрде кеңес бере алмаймыз. Алайда, біз оған жағымды көзқараспен қарауға кеңес береміз. Осылайша, біз «әлем жақсы, ал азап шегу жаман» деген сияқты нәрселерді айтамыз. Сонымен бірге, қызығы, «дұрыс» пен «бұрыстың» арасында, байқауымызша, ешқандай аралық жоқ сияқты; не біреуі, не екіншісі. Әйткенмен, «жақсы» мен «жаманның» арасында түрлі деңгейлерге орын бар, әрі кей нәрселер жақсырақ, ал басқалары жаманырақ саналады.

Басқа этикалық терминдер егжей-тегжейлі қарастыруды талап етеді. Мысалы, біз бірденені жасалуы «тиіс» немесе «тиіс емес» дегенде, табандылық пен міндеттілік сезімі пайда болады. Біз жасауымыз тиіс нәрседен өз-өзімізді тоқтатуымыз мүмкін, бірақ міндеттеме әлде де сақталады. Ал басқа жағынан, біз орынды деп ойлайтын, бірақ жасауға міндетті емес белгілі бір іс-әрекеттер бар. Демек, «моральдық тұрғыда орынды» (яғни, бұрыс емес) болса да, біреу ауыр жағдайға тап болғанда оған көмектесу міндетті емес деп ойлауға болады және кей жағдайда бұлай жасау тіпті «мақтауға тұрарлық». Кейбір біршама нақты этикалық терминдердің қатарына әділетті және әділетсіз, ізгілікті және әдепсіз дегендер жатады.

Негізінен біздің терминдердің қандай жиынтығын қолданатынымыз біздің этикалық көзқарастарымызға немесе біз құп көретін теорияларға байланысты. Бұл жерде этикалық себептердің алар орны ерекше.

## Этика және себептер

Бірденені дұрыс немесе бұрыс, жақсы немесе жаман деп бағалағанда, біз белгілі бір нормаларға немесе себептерге жүгінеміз. Мысалы, мен жұмысқа немесе мектепке қабылдауда нәсіл немесе жыныс ерекшелігі бойынша біреуге артықшылық беру әділетсіздік деп санауым мүмкін. Яғни, қандай жағдай болмасын, менен бұл сұрақты талқылауды жалғастырып, мұның не себепті әділетсіз екенін немесе әділеттілік пен әділетсіздік деген не екендігін түсіндіруім күтіледі.

Философиялық этикада себептерді түсіндіру аса маңызды. Әйткенмен, бұл этикалық пайымдаулар таза рационал, яғни ақылға қонымды болады және болуы тиіс дегенді білдірмейді. Біз жақсы моральдық пайымдаулар бізден объективті болуды және шешім қабылдауда сезімдеріміз немесе эмоцияларымызға жол бермеуімізді талап етеді деп ойлауымыз мүмкін. Бұл сезімдердің дұрыс пайым жасауда үнемі кедергі келтіретінін білдіреді. Кейде, расында да, солай. Мысалы, бойымызды ашу, қызғаныш немесе қорқыныш баурап алғанда біз айқын, анық ойлай алмаймыз. Адамдарды алалау мен жалған наным осындай мықты сезімдерден туындауы ықтимал. Біз жалған нанымды бізге дұрыс пайымдауға кедергі жасайтындықтан бұрыс деп ойлаймыз. Бірақ эмоциялар жақсы шешімдер қабылдауға жиі көмектеседі. Біз, мысалы, белгілі бір жағдайдың әділетсіздігін немесе біррудің азап шегуінің бұрыстығын жай сезе аламыз. Оған қоса, белгілі бір мәселе немесе адам туралы қамқорлығымыз немесе уайымдауымыз, шын мәнінде, бізді этикалық сұрақтарды біршама мұқият зерделеуге итермелей алады. Алайда, біздің белгілі бір моральдық



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық бағалау, этикалық терминдер және этикалық себептер  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

ұстанымды не себепті таңдайтынымыз нақты бір түсініктемені талап етеді. «Ешбір түсініктемесіз» тек қана «мына жағдай – жай ғана бұрыс» деп айта салу немесе «осы жағдайға» «қатысты қуатты сезімдерді немесе сенімдерді білдіре салу» жеткіліксіз.

### **Интуиционизм, эмотивизм, субъективизм, объективизм**

Ал енді, біз қысқаша ғана интуиционизм, эмотивизм, субъективизм сияқты этикалық ұстанымдарды қысқаша қарастырып көрейік, келесі дәрісімізді этикадағы объективизм ұстанымын зерделеуден бастап кетеміз.

Философтар ненің жақсы екендігін қалай білетіндігімізге қатысты түрлі пікір айтады. Сонымен бірге, олар моральдық пайымдаулар объективті бірдеңеге қатысты ма, әлде олар субъективті пікірлер немесе диспозициялардың мәлімдемелері ме деген мәселеге қатысты сан түрлі көзқарасты ұстанады.

Бірдеңені жақсы деп айту, көбіне, бірдеңені сары немесе ауыр деп айтқаннан өзгеше деп есептеледі. Соңғы аталған екі сапа: сары немесе ауыр - эмпирикалық, яғни біздің сезімдерімізбен қабылданатын сапалар. Алайда жақсы немесе игілік эмпирикалық емес қасиет болып саналады, оны, кейбіреулердің пікірінше, интуиция арқылы ғана тануға болады. Интуиционизм ретінде танымал ұстаным біздің этика туралы түсініктеріміз этикалық ақиқаттарды белгілі бір интуициялық тануға негізделеді деп сендіреді. Бұл көзқарас осыған дейін талқыланған Джордж Эдвард Мурдың есімімен байланысты. Тағы бір философ Уильям Дэвид Росстың пікірінше, біздің бойымызда негізгі құндылықтар туралы көптеген «мөлдір таза интуициялық түсініктер» бар. Бұл интуициялар этика туралы анық және айқын ұғымдарды білдіреді, оларды Росс математикамен салыстыра отырып, түсіндіреді: « $2 + 2 = 4$ » сияқты өздігінен көрініп тұратын ақиқатты қалай көретін немесе интуициялық түрде ұғынатын болсақ, дәл сол сияқты біз этикалық ақиқаттарды да көреміз немесе интуициялық түрде ұғынамыз дейді ол.



*Сэр Уильям Дэвид Росс – этика мәселелерімен айналысқан шотланд философы (1877-1971 жж.)*

Мысалы, біз өз уәдемізде тұруға міндеттіміз деген этикалық тұжырымды алып көрейік. Росстың түсіндіруінше,

*Математикадағыдай, этикада да біздің белгілі бір мөлдір анық интуицияларымыз бар, оларға арқа сүйей отырып, біз сандардың болмысы мен міндеттеменің болмысы туралы бар білетінімізді құрастырамыз... біз міндеттеменің жекелей салалары туралы білімдерімізді жақсы өмірдің ортақ бір мұратынан оқып, танымаймыз, бірақ өзіміздің жақсы өмір туралы мұратымызды міндеттеменің жекелей салаларындағы интуициядан құрап шығамыз.*

Мұндағы өте маңызды мәселе: біздің интуицияларымыз әлемдегі қандай да бір объективті моральдық фактілерге сілтей ме, әлде олар субъективті нәрселерді мәлімдей ме? Интуиционизмнің маңызды бір мәселесі – адамдардың моральдық интуицияларының түрлі болып көрінуінде. Математиканың бәрімізге ортақ мөлдір таза интуициясынан өзгешелігі – этиканың интуициясы бәрімізге бірдей ортақ емес секілді.

Кейде эмотивизм деп аталатын басқа бір көзқарасқа сенсек, бірдеңені жақсы деп айтқан кезде, біз оны сипаттағаннан бұрын, өзіміздің оны мақұлдайтынымызды білдіріп, басқаларға ұсынамыз. Бұл көзқарас ХХ ғасырдың Алфред Джулс Айер мен Стивенсон сияқты философтарының еңбектерімен байланысты. Алайда, ол моральдық сезімдер теориясына тереңінен тамыр жаяды, біз мұны он сегізінші ғасырдың философтары Адам Смит пен Дэвид Юмнан байқаймыз. Мысалы, Юмның айтуынша, ақыл-ой – «құштарлықтардың құлы», яғни, біз ұмтылатын мақсаттар эмоцияларымыздан, құштарлықтарымыздан және сезімдерімізден туындайды. Адам Смиттің пікіріне сенсек, адам баласы басқа адамдарға деген аянышты, рақымдылықты және тілектестікті сезінуден шабыттанып, ынталанады. Смиттің ойынша, этика біз сияқты әлеуметтік болмыс иелерінің бір-біріне қатысты сезінетін табиғи ұнатушылықтарынан туындайды.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері  
Дәріс: Этикалық бағалау, этикалық терминдер және этикалық себептер  
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Эмотивизм моральдық білімді субъективті тәжірибеге негізделген моральдық пайымдармен субъективті түсіндіруді ұсынады. Эмотивизм нұсқаларының бірі этикалық пайымдауды мақұлдау немесе мақұлдамауды білдіруге қисындастырады. Бұл көзқарас тұрғысынан «адам өлтіру дұрыс емес» дегеніміз – «адам өлтіру жиіркенішті!» дегенге ұқсас нәрсені білдіреді. Сол сияқты, «ержүректікпен өз-өзін құрбан ету жақсы» дегеніміз – «өз-өзін құрбан ету – күшті!» дегенге ұқсас ұғымды білдіреді. Этика саласындағы қазіргі авторлардың бірі Леон Кассстың айтуынша, біздің жиіркеніш пен жеккөруді сезінуімізде бір даналық бар – кей нәрселерге қатысты біздің эмоциялық реакцияларымыз терең моральдық инсайттарды байқатады. Касс, әсіресе, көптеген адамдар клондау сияқты озық биотехнологияларға қатысты сезінетін «жиіркеніш факторына» ерекше көңіл бөледі.

Алайда, мұндағы қиындықтардың бірі мынада: біздің ұнатушылық немесе жиіркенішке қатысты эмоцияларымыз бен сезімдеріміз өзгермелі және салыстырмалы. Біздің жеке эмоциялық реакцияларымыз көңіл-күйімізге тәуелді құбылып отырады, әрі бұл реакциялар жеке адамдардың іші мен арасында әртүрлі болады. Эмоциялық реакциялар мәдениет пен тіпті жеке адамдардың субъективті ұстанымдарына тәуелді. Расында да, біздің жеке сезімдеріміз уақыт өте өзгереді және олар сыртқы әлемде болып жатқан нәрселердің сенімді және жеткілікті көрсеткіштері емес. Мұндағы алаңдаушылық тудыратын мәселе – эмоцияларымыздың түрлі нәрселерге қатысты ішкі немесе субъективті реакцияларды білдіріп қана қоятыны және олардың бізді құндылықтардың объективті және тұрақты көзімен байланыстырмайтындығында.

### Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Alfred North Whitehead, *Process and Reality* (New York: Macmillan, 1929).
2. E. O. Wilson, *Sociobiology: The New Synthesis* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1975).
3. E. O. Wilson, *On Human Nature* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978).
4. See Richard Dawkins, *The Selfish Gene* (Oxford: Oxford University Press, 1989).
5. See Frans de Waal, *Good Natured: The Origins of Right and Wrong in Humans and Other Animals* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1996).
6. Morton Hunt, *The Compassionate Beast: What Science Is Discovering about the Human Side of Humankind* (New York: William Morrow, 1990).
7. G. E. Moore, *Principia Ethics* (Buffalo, NY: Prometheus, 1903).
8. W. D. Ross, *Foundations of Ethics* (Oxford: Clarendon Press, 1939).
9. Michael Ruse, *Sociobiology: Sense or Nonsense?* (New York: Springer, 1985).
10. Richard Dawkins, *The Selfish Gene, 30th Anniversary Edition* (Oxford: Oxford University Press, 2006).

### Глоссарий:

Эстетика - сұлулық пен талғам туралы ілім.

Эмотивизм – этикалық тұжырымдамалар эмоциялық күйлерді білдіреді деген метаэтикалық идея (Стивенсонның есімімен байланысты).

Объективизм – этикалық қағидалар объективті фактілерге қатысты деген метаэтикалық идея (субъективизмге қарсы); сондай-ақ, қараңыз: моральдық реализм.

Социобиология (Әлеуметтік биология) – әлеуметтік құбылыстарды, соның ішінде этикалық мінез-құлықты түсіну үшін эволюциялық және салыстырмалы биологияны қолданатын зерттеу саласы.

Субъективизм – этикалық пайымдар субъективті бейімділіктерге немесе құндылықтарға қатысты деген ұстанымды алға тартатын метаэтикалық идея (объективизмге қарсы); сондай-ақ, қараңыз: тұлғалық релятивизм, дескриптивті релятивизм, метаэтикалық релятивизм.